

## Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті

1. Амиржаева Ақайша Төреханқызы – Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушысы, магистр



2. Балтабаева Наргиза Смаиловна – Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор





**Шамеева Шынар Қазыбекқызы**

**Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының магистрі оқытушысы.**

**Жетістіктері:**

- Алматы қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңының 25 жылдығына орай бірнеше тілді меңгерген жастар арасында өткен «Тіл-тұнық ойдың кәусары» қалалық олимпиадасында 1 дәрежелі диплом.

- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде өткізілген II Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері симпозиумына сіңірген еңбегі үшін, Алғыс хат.

- ҚазМемҚызПУ-да өткен «Жастар және ғылым: бүгінгі мен болашағы» атты 71 - Республикалық студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың ғылыми – тәжірибелік конференциясы аясындағы Smart nation.kz ғылыми марафонында «1 РНП. Филологиялық ғылымдар және әлемнің ұлттық бейнесі» секциясында үздік баяндама жасаған студенттің ғылыми жетекшісі, Алғыс хат.

**Еңбектері:**

- «Жоғарғы оқу орындарында аңылшын тілін оқытуда ақпараттық қатысымдық технологияны қолданудың шарттары» атты оқу мақала Хабаршы журналында басылып шықты.

- «Қазақ тілі менің ұлттық мәртебем» атты мақаласы «XIII международная научно - практическая конференция Наука и продвижение -2017» халықаралық конференция жинағында жарық көрді.

- «The effectiveness of using multimedia resources in a foreign language lesson», Ағартушы журналы.

- «Problem solving tasks as a tool of critical thinking» студентпен жүргізілген ізденіс жұмысының нәтижесінде жарық көрген мақала.

**Шебер-сынып тақырыбы «Шетел тілі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы элементтерін қолдану»:**

*Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының мақсаты сабақтарда барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Қазіргі таңда бұл технология Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық түсінік.*

*Сабақ барысында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының «Жұмбақ кластері» сабақ тақырыбын жасыру, INSERT немесе түртіп алу стратегиясы, видео*

*фрагменттерді анализ жасау және «Білемін-білгім келеді –білдім» стратегиясы, Sinkiein немесе төрт жолды өлең стратегиялары қолданды.*

*«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау. Сабақ студенттер белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізіп және шешім қабылдаумен немесе белгілі бір тұжырым жасаумен аяқталады.*



**Жаңабаева Назерке Асылбекқызы**

**Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының PhD докторанты.**

**Жетістіктері:**

- ҚР ЖОО студенттері арасында өткен Республикалық пәндік олимпиаданың Бас жүлде иегері;
- Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ІІ Республикалық пәндік олимпиадасында 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша ІІІ орын алғаны үшін ІІІ дәрежелі диплом;
- “Түбі бір түркіміз” фестивалін ұйымдастыру жұмыстарына белсене қатысқаны үшін Құрмет грамотасы;
- Алматы қаласы әкімдігі және Алматы қаласының Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Тілдарын – 2011» байқауына қатысқаны үшін АЛҒЫС ХАТ (Алмала ауданының әкімі С.Құсайынов);
- Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша «Үздік аудармашы» байқауында ІІ орынды иеленгені үшін ГРАМОТА (Алмалы ауданының әкімі С.Құсайынов);
- Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту ісіне белсене атсалысқаны және аудармашылар арасында өткен «Үздік аудармашы» қалалық байқауына қатысқаны үшін АЛҒЫС ХАТ (Алматы қаласының Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастығы М.Ахетов);
- Қазмемқызпу-ң 70 жылдығына орай ұйымдастырылған ЖОО магистранттары арасындағы аймақтық олимпиаданы өткізуде белсене атсалысқаны үшін АЛҒЫС ХАТ (Бірінші проректор Б.Алиев).
- Қазмемқызпу-ң дамуына, университеттің оқу мен тәрбие, қоғамдық жұмыстарына белсене атсалысқаны үшін АЛҒЫС ХАТ (Ректор Д.Ж.Нөкетаевадан).

**Еңбектері:**

- «Фразеоматикалық тіркестер: функционалдық әлеуеті мен танымдық сипаты» атты ғылыми монография авторы.
- «The national and cognitive character of phraseological units in Kazakh, Russian and English languages» атты мақаласы «Көптілді педагогикалық кадрлардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жарық көрді.

- «Word formation in turcology: theory of motivation and nominations» мақаласы «European journal of Natural History» журналында жарық көрді.
- «The linguistic and cultural nature of ethnographies related to a girl in the Turkic peoples» мақаласы «European journal of Natural History» журналында жарық көрді.

**Шебер-сынып тақырыбы «Латын әліпбиін үйретудің тиімді әдістері»:**

*Қазіргі таңда латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуын үйрету ерекше назарды аудартып отыр. Латын әліпбиін үйретудің тиімді әдістері мультимедиялық технологияларды қолданумен сипатталады. Студенттер латын әліпбиін меңгеруде арнайы сайт материалдарымен, оның мазмұнындағы бағдарламалармен жұмыс жасай отырып қазақ жазуын үйретудің қыр-сырымен танысады.*

*Шеберлік сынып барысында латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуында кездесетін кейбір мәселелердің шешу жолдары ұсынылады, студенттер өз тарапынан ұсыныстарын беріп, қорытындылап, өзіндік тұжырым жасау білігін дамытады.*